

14. Судың қандай массасында $30,1 \cdot 10^{23}$ молекуласы болады?

- 1) 90 г
- 2) 80 г
- 3) 18 г
- 4) 180 г
- 5) 71 г

15. Молярлық массаның өлшем бірлігі қандай?

- 1) моль⁻¹
- 2) г/л
- 3) г
- 4) г/моль
- 5) м.а.б.

16. Заттың 3 молінің массасы 51 г. Осы заттың молярлық массасын анықтаңыз:

- 1) 25 г/моль
- 2) 20 г/моль
- 3) 17 г/моль
- 4) 15 г/моль
- 5) 14 г/моль.

17. Қалыпты жағдайда 0,25 моль оттектен және 0,25 моль азоттан тұратын қоспа қандай көлем алады?

- 1) 11,2 л
- 2) 22,4 л
- 3) 5,6 л
- 4) 33,6 л
- 5) 44,8 л

18. Оттек молекуласының 0,5 моліндегі атомдар санын есептеңіз:

- 1) $3,01 \cdot 10^{23}$
- 2) $6,02 \cdot 10^{23}$
- 3) $9,03 \cdot 10^{23}$
- 4) $0,301 \cdot 10^{23}$
- 5) $15,05 \cdot 10^{23}$

19. Авогадро тұрақтысы нені көрсетеді?

- 1) зат мөлшерін
- 2) заттың мольдік массасын
- 3) молекула санын
- 4) атом санын
- 5) заттың 1 моліндегі құрылымдық бөлшектердің санын